



ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

24.06.2023 г.

№ 6, 2-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағында есеп берулер мен сайлаулар өткізу туралы

«Қазақстандық оқу-ағарту ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ Жарғысының 7.8 тармағына сәйкес Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2023-2024 жылдар ішінде Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағына кіретін барлық кәсіподақ ұйымдарындағы кәсіподақ органдарында есеп берулер мен сайлаулар өткізілсін.

2. Есеп берулер мен сайлаулар өткізу кезінде «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ Жарғысы және 2017 жылғы 11 қаңтарда бекітілген «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдары мен кәсіподақ құрылымдарында есеп берулер мен сайлауларды өткізу жөніндегі Нұсқаулық» басшылыққа алынсын.

3. 2024 жылғы тамыз-қыркүйек айларында Кәсіподақтың кезекті XV съезі шақырылсын.

4. Кәсіподақтың XV Съезіне делегаттар өкілдігінің нормасы 5000 кәсіподақ мүшесінен бір делегат белгіленсін.

5. Есеп берулер мен сайлауларды өткізудің төмендегідей мерзімдері белгіленсін:

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарында – 2023 жылғы қыркүйек-желтоқсан айларында;

- аудандық, қалалық кәсіподақ ұйымдарында – 2024 жылғы қаңтар-наурыз айларында;

- Кәсіподақтың облыстық, Астана қаласы, республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент қалалықарының ұйымдарында – 2024 жылғы наурыз-мамыр айларында.

6. Мүшелік ұйымдар басшылары Кәсіподақтың Орталық комитетіне **2023 жылғы 1 қыркүйек** мерзіміне Кәсіподақтың облыстық, Астана қаласы, республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент қалаларының, облыстық ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстары мен конференцияларын өткізу кестелерін ұсынсын.

7. Кәсіподақтың Кәсіподақтың облыстық, Астана қаласы, республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент қалаларының, аудандық, қалалық, облыстық комитеттерінің басшыларына:

- есеп берулер мен сайлауларды дайындау және өткізу мәселелері бойынша ауқымды кәсіподақ активінің қатысуымен жергілікті жерлерде оқу семинарларын өткізу;

- кәсіподақ органдарының есеп берулері мен сайлауларын дайындау және өткізу кезінде бастауыш кәсіподақ ұйымдарына әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету;

- есеп беру-сайлау жиналыстарына, конференцияларға жоғарғы сайланбалы кәсіподақ органдары, әлеуметтік әріптестер, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар өкілдерінің қатысуын қарастыру;

- есеп берулер мен сайлаулар барысында кәсіподақ кадрларының резервін қалыптастыруға ерекше назар аударылып, жастарды ұсыну есебінен Кәсіподақтың облыстық, Астана қаласы, республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент қалаларының, аудандық, қалалық, облыстық кәсіподақ органдарының құрамдарын кеңейту және олардың басшыларын жасарту жөнінде нақты шаралар қабылдау ұсынылсын.

8. Барлық деңгейлердегі кәсіподақ ұйымдарының басқарушы органдарына есеп берулер мен сайлауларды өткізу жариялығы мен ашықтығын, бұқаралық ақпарат құралдарында есеп беру-сайлау кампаниясының барысын жариялау қамтамасыз етілсін.

9. Конференцияны (жиналысты) өткізгеннен кейін есеп берулер мен сайлаулар қорытындылары бойынша бір айлық мерзімде жазбаша ақпарат пен статистикалық деректер Кәсіподақтың Орталық комитетіне ұсынылсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасарлары В.Ф.Беженаров пен Ә.Ә. Әбиеваға жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева